**Педагогикалық кеңес**
**ХАТТАМА № 8**

« 27 » наурыз 2024 жыл

Кеңеске жалпы қатысқандар саны– 29
Шағын орталық тәрбиешісі -1
Кітапханашы-2

Күн тәртібінде:

1. III тоқсанның қорытындысы бойынша оқу-тәрбие жұмысын талдау.
2. Тәжірибелі мұғалімдермен тәжірибе алмасу.
3. Оқу үрдісіндегі 3 тоқсан қорытындысы бойынша пән мұғалімдерін салыстыру сызбасы: оқыту сапасы.

**Бірінші сұрақ бойынша III тоқсанның білім сапасы қорытындысы туралы оқу ісінің орынбасары С.Абдрахманова тыңдалды:**

Мектеп бойынша барлығы 101 оқушы.(дайындық білім-9,бастауыш білім беру-36,негізгі орта білім беру-45,жалпы орта білім беру-11). Оның 85 оқушысы қорытылады. (2-11 сынып оқушылары).Үшінші тоқсанның әр сынып,әр саты бойынша білім сапасы:

| Сынып | Оқу тілі | Барлығы | Үздік оқушылар | | | Үлгерімі жақсы оқушылар | | Орт. балл | Білім сапа | Жалпы ОБД |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Барлығы | % | Аты-жөні | Барлығы | % | | | |
| 2 А | Қаз | 5 | 1 | 20 | Туребаева Я. | 4 | 80 | 4,35 | 100 | 74,08 |
| 2 Б | орыс | 3 | 2 | 66,6 | Дьяченко Е.<br>Куницкая П. | 1 | 33,3 | 4,75 | 100 | 85,60 |
| | | 8 | 3 | 43,3 | | 5 | 56,6 | 4,55 | 100 | 79,84 |
| 3 А | Қаз | 6 | 2 | 33,3 | Айтбай Н.<br>Тлейхан К. | 2 | 33,3 | 4,17 | 66,6 | 70,67 |
| 3 Б | орыс | 7 | 2 | 28,5 | Жумабаева А.<br>Жуманова Д. | 4 | 57,14 | 4,21 | 85,7 | 71,59 |
| | | 13 | 4 | 30,9 | | 6 | 45,24 | 4,19 | 76,9 | 71,13 |
| 4 А | Қаз | 2 | 0 | 0 | | 1 | 50 | 4,08 | 50 | 68,29 |
| 4 Б | орыс | 6 | 0 | 0 | | 4 | 66,67 | 3,92 | 66,6 | 62,38 |
| | | 8 | 0 | 0 | | 5 | 58,34 | 4 | 62,5 | 65,34 |
| 2-4 | | 29 | 7 | 24,7 | | 16 | 53,41 | 4,25 | 79,3 | 72,10 |
| | Қаз | 4 | 1 | 25 | Бейсекеев Е. | 1 | 25 | 4,04 | 50 | 66,78 |
| | | 4 | 1 | 25 | | 1 | 25 | 4,04 | 50 | 66,78 |

| Сынып | Оқу тілі | Барлығы | Үздік оқушылар | | | Үлгерімі жақсы оқушылар | | Орт. балл | Білім сапа | Жалпы ОБД |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Барлығы | % | Аты-жөні | Барлығы | % | | | |
| 6 А | Қаз | 3 | 0 | 0 | | 0 | 0 | 3,67 | 0 | 56,74 |
| 6 Б | орыс | 5 | 0 | 0 | | 2 | 40 | 3,91 | 40 | 63,38 |
| | | 8 | 0 | 0 | | 2 | 20 | 3,79 | 25 | 60,06 |
| 7 А | Қаз | 7 | 0 | 0 | | 2 | 28,5 | 3,77 | 28,5 | 59,33 |
| [illegible] | орыс | 5 | 0 | 0 | | 1 | 20 | 3,72 | 20 | 58,40 |
| | | 12 | 0 | 0 | | 3 | 24,2 | 3,74 | 25 | 58,86 |
| 8 А | Қаз | 8 | 1 | 12,5 | Құдайберген Ә. | 3 | 37,5 | 4,06 | 50 | 67,54 |
| | | 8 | 1 | 12,5 | | 3 | 37,5 | 4,06 | 50 | 67,54 |
| 9 А | Қаз | 9 | 0 | 0 | | 4 | 44,44 | 3,98 | 44,4 | 65,41 |
| 9 Б | - | 4 | 0 | 0 | | 1 | 25 | 3,52 | 25 | 51,92 |
| | | 13 | 0 | 0 | | 5 | 34,72 | 3,75 | 38,4 | 58,66 |
| 5-9 | | 45 | 2 | 7,5 | | 14 | 28,30 | 3,88 | 35,5 | 62,38 |
| 10 А | Қаз | 7 | 1 | 14,2 | Бақболат Г. | 4 | 57,14 | 4,26 | 71,4 | 73,52 |
| | | 7 | 1 | 14,2 | | 4 | 57,14 | 4,26 | 71,4 | 73,52 |
| 11 Б | орыс | 4 | 0 | 0 | | 3 | 75 | 4,16 | 75 | 70,25 |
| | | 4 | 0 | 0 | | 3 | 75 | 4,16 | 75 | 70,25 |
| 10-11 | | 11 | 1 | 7,1 | | 7 | 66,07 | 4,21 | 72,7 | 71,88 |
| мектеп | | 85 | 10 | 13,1 | | 37 | 49,26 | 4,11 | 55,2 | 68,79 |

Екінші тоқсанды 11 оқушы үздік. 42 оқушы үлгерімі жақсы.Үлгерімі төмен оқушылар –жоқ. Мектептің білім сапасы -60,9 %.

Үшінші тоқсанда 10 оқушы үздік. 37 оқушы үлгерімі жақсы.Үлгерімі төмен оқушылар –жоқ. Мектептің білім сапасы-55,2%. (динамикасы -4 төмендеді)

Бір үші бар оқушылар:

| Сынып | Оқушының аты-жөні | пән | Пән мұғалімі | Сынып жетекшісі |
|---|---|---|---|---|
| 5 «А» | Елжасұлы Ансар | математика | Райымбек С.Р | Адай М.Т |
| 9 «А» | Адай Азамат | ағылшын тілі | Ануар А.Ү | Асылбеков Т.Ж |
| 7 «Б» | Левкович Анастасия | математика | Смагулова М.Ш | Шокубасова А.М |

Бір төрті бар оқушы:

| Сынып | Оқушының аты-жөні | Пән | Пән мұғалімі |
|---|---|---|---|
| 8 «А» | Шокыбаев Ерасыл | Ағылшын тілі | Ануар А.Ү |

Төмен білім сапа көрсеткен сынып ,сынып жетекшілер:

| сынып | Білім сапасы | Сынып жетекшісі | Ескертпе |
|---|---|---|---|
| 6 «А» | 0 | Хурман М | нашар |
| 6 «Б» | 40 | Набиева Д.К | орташа |
| 7 «А» | 28 | Райымбек С.Р | төмен |
| 7 «Б» | 20 | Шокубасова А.М | төмен |
| 9 «Б» | 25 | Шокубасова А.М | төмен |

**Тәрбие ісінің орынбасары А.Жаксыбаева тыңдалды**: Үшінші тоқсанның тәрбие жұмысы бойынша есеп беріліп, ары карай қандай жұмыстар жүргізілетіні айтылды. (косымша ақпарат бар)

**Екінші сұрақ бойынша оқу ісінің орынбасары С.Абдрахманова тыңдалды:** Тәжірибелі мұғалімдермен тәжірибе алмасу. Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту – оның кәсіби тәжірибе арқылы үздіксіз өз білімін жетілдіріп, дамып, шыңдауға әкелетін тың жаңалықтарды игеру мен меңгертудің қарқынды үдерісі. Педагогикалық тәжірибе- шығармашылық ізденіс, [illegible] бар тәжірибе, жаңашылдардың тәжірибесі. Ол сонысымен өте құнды әрі мектеп тәжірибесіне жаңалық енгізеді. Өзара сабаққа қатынасу, тәжірибе алмасу – мұғалімнің кәсіби өсуінің факторларының бірі.

Жаһандану заманында, әсіресе білім беру жүйесіндегі өзгерістер мен түбегейлі жаңарулар дәуірінде мұғалім алдында тұрған мақсаттар міндеттердің салмағы орасан зор болып отыр.

Мұғалім информатор, бақылаушы, тексеруші, жазалаушы қызметін тастап, керісінше ізденуші, зерттеуші, технолог, өнертапқыш, шығармашылықпен жұмыс істейтін жаңашыл болуы керек. Педагогика, технология әлеміндегі жаңалықтарға үңілу, оны зерделей, зерттей отырып іс — тәжірибеге пайдалану, өзінің техногиясын қалыптастыру — заман талабы, заман ағымына ілесу де оңай емес. Кәсіби біліктілігі жоғары өзіндік позициялы, бағалы бейімділігі бар сапалы оқушы даярлау — бүгінгі өмір талабы.Мұғалім білімін, қабілетін, сенімін, ішкі мүмкіншіліктерін интеллектуалдық, психологиялық сапасын үнемі толықтырылып, жаңартылып отыру керек. Біліктілікті арттыру арқылы сіз өз біліміңіз жетілдіруді қамтамасыз ете аласыз. Мұғалімнің кәсіби біліктілігін артыру максатында өз білімін көтеру жоспарын құру.өзін-өзі жетілдіру,біліктілік курстардан өту.Ал енді тәжірибелі мұғалімдерге сөз берейік.

**Бастауыш сынып мұғалімі А.Жаканова (педагог-зерттеуші.)сөз алды**: Мектеп құрылымында болып жатқан өзгерістер, білім беру мақсаттарының алмасуы, оның дамытушылық сипаттарының бекітілуі, көпнұсқалық оқытуға көшу сияқты мәселелер орындаушылардан шығармашылық бастамалық, жұмыстың жоғары сапасын және кәсібилікті талап етеді.

Шығармашылық — бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі қажет. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өшуіне жол бермеу, оның рухани күшін нығайтып, өмірден өз орнын табуға көмектеседі. Өйткені адам туынды ғана емес жаратушы да.

Бұл үлкен жауапкершілік артатын күрделі мақсат. Оны шешу үшін ең алдымен оқыту мазмұны жаңартылып, әдіс-тәсілдің озығы өмірге келуі, олар әрбір азаматтың жеке басының қасиеттерін, қабілеттерін дамытып, шығармашылығын, талантын ұштайтындай болып ұйымдастырылуы қажет. Сонда ғана мектептерден өз өміріне өзгеріс енгізе алатын, өз бетінше өмір сүру жолдарын таңдай алатын азаматтар тәрбиеленіп шығады.

Баланы бастауыш сыныптардан бастап шығармашылық ойлауға, қалыптан тыс шешімдер қабылдай алуға, практикалық әрекеттерге дайын болуға әкелудің жолдарын көрсету керек. Шығармашылық — бүкіл тіршіліктің көзі. Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі. Бұған бүкілхалықтық, жалпы және жеке адамның шығармашылығы арқылы келдік. Әр жаңа ұрпақ өзіне дейінгі ұрпақтың қол жеткен жетістіктерін меңгеріп қана қоймай, өз іс-әрекетінде сол жетістіктерді жаңа жағдайға бейімдей, жетілдіре отырып, барлық салада таңғажайып табыстарға қол жеткізеді.

Бастауыш сынып оқушыларының қабілеттері екі түрлі әрекетте дамиды. Біріншіден, кез келген бала оқу әрекетінде адамзат баласының осы кезге дейінгі жинақталған тәжірибесін меңгерсе екіншіден, кез келген оқушы шығармашылық әрекеттер орындау арқылы өзінің ішкі мүмкіндіктерін дамытады. Оқу әрекетінен шығармашылық әрекеттің айырмашылығы — ол баланың өзін-өзі қалыптастыруына өз идеясын жүзеге асыруына бағытталған жаңа әдіс-тәсілдерді іздейді. Проблеманы өзінше, жаңаша шешуге талпыныс жасайды. Біздің ойымызша, бүгінгі бастауыш сынып оқушыларының кез келгені шығармашылық тапсырмалар шешуді табыспен меңгере алады. Тек ол жұмысқа дұрыс басшылық, шебер ұйымдастырушылық қажет.

Қазіргі таңда шығармашылық тапсырмалар әр сабақта өтілетіндей ұйымдастыру қажет

Қазіргі замандағы ұстаздар қауымының алдындағы үлкен мақсат: өмірдің барлық саласындағы белсенді, шығармашылық іс — әрекетіне қабілетті, еркін және жан — жақты жетілген тұлға тәрбиелеу. Өмірдегі сан алуан қиындықты шеше білу тек шығармашыл адамның қолынан келеді. Шығармашыл адамның бойында батылдық, еркіндік, ұшқырлық, сезімталдық сияқты қасиеттер мен қатар ерекше ой қызметі, қайшылықтарды түсіну, заңдылықтарды анықтау, шығармашылыққа деген құштарлық болу керек.

Оқушының шығармашылық қабілетін дамыту үшін бірнеше шарт орындалу тиіс.

Оқушының зейінін, есін, қиялын, интеллектісін дамыта отырып, ойлау қабілетін, шығармашылық іс — әрекетін жоғары деңгейде көтеруге болады. Оқушының математика сабағындағы шығармашылық қабілетін дамыту.

Мен өз тәжірибемде бірінші сынып оқушыларымен осы бағытта жүргізілген жұмыстарға тоқталайын. (слайдпен көрсету)

1.Зейінді дамытуға бірнеше шығармашылық тапсырмалар орындауға болады.Цифрларды өсу ретімен тауып, атау.Кему ретін атау. Тақ және жұп сандарды өсу және кему ретімен атау.Цифрларды кезектесіп санау. 1, 3. 5, 7…(жұптасып) 2, 4, 6. 8…Топпен жұмыс істеу. 1–5 тура және кері сана. 6-10 санау.

2.Оқушылардың байқағыштығын дамытуға арналған тапсырма. Мұнда, пішіндері мен орналасу ыңғайына қарай артық үш фигураны (басты) табу. Артық үш фигураның оң құлағы үшбұрыш, ал сол құлағы «Сопақша» пішінді. (жауап 1, 6, 8 ).

3.Суретте барлығы неше үшбұрыш бар? Мақсаты: үшбұрышты басқа фигуралар арасынан ажырата және тани білуге үйрету.

4.Ойлан, тап. Мақсаты: оқушылардың амал таңбаларын тағайындай білу дағдыларын дамыта түсу.

5.Мына фигураға бір кесінді жүргізу арқылы бір тік төртбұрыш, бір үшбұрыш шығарып алуға болады. Ол үшін қай нүктелерді қосу керек?

Мақсаты: геометриялық фигураларды ажырата және тани білуге үйрету.

6.Екі адам 2 сағат шахмат ойнайды. Олардың әрқайсысы неше сағат шахмат ойнайды? Мақсаты: Оқушыларды мәтіннің логикалық түйінін түсіне білуге үйрету.

...Қиқырды үшбұрыштағы бос орынды толтыр. Мақсаты: оқушылардың жылдам есептеу дағдыларын дамыта түсу. Осы сияқты жұмыс түрлерін жүргіземін

**Бастауыш сынып мұғалімі А.Шокыбаева (педагог-зерттеуші.) сөз алды:**

Білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі мен жаңа мазмұндағы жүйесінің басты міндеті – қазіргі заманғы ғылым мен тәжірибенің жетістіктері негізінде алынған білімді қажет жағдайда пайдалану икемділігін меңгерген, өз бетінше дұрыс, тиімді шешімдер қабылдайтын, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Сондықтан да,білім саласындағы міндеттерді жүзеге асыру үшін, мектеп ұжымында әр мұғалім күнделікті ізденіс арқылы барлық жаңалықтар мен өзгерістерді сабақтарында енгізіп отырады. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше жан-жақты сауатты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік және көптеген адами қабілеттің қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Оқыту мен тәрбиелеуге тың әдіс-тәсілдер енгізілді. Нәтижесінде тұтас педагогикалық үрдістер өзгертіліп, білім берудің тиімді деп табылған жаңа технологиялары дүниеге келеді. Кез-келген оқыту технологиясы мұғалімнен терең теориялық, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік білімді, үлкен педагогикалық шеберлікті, шәкірттердің жан дүниесіне терең үңіліп, оны ұғына білуді талап етеді. Сондықтан, оқушының рухани өсуіне жағдай туғыза алатын, жаңалықтарды қабылдауға даяр, өз әрекетіне өзгеріс енгізе алатын педагогтар ғана бүгінгі қоғамның мүддесі мен әр баланың үдесінен шыға алады. Ойы жүйрік, ақылы жетік, бәсекеге қабілетті, өзгерістерге бейім, жеке тұлғаны тек қана педагог қалыптастыра алады. Бастауыш сынып мұғалімі үшін оқушы жазылмаған парақ секілді таза, пәк. Бастауыш сыныпта оқытудың негізгі міндеті-баланың жеке басының жан-жақты қалыптасуын қамтамасыз ету, оның қабілеттерін анықтау мен дамыту, білімдерін ашу, дұрыс түсінік қалыптастыру. Бүгінгі таңда алдымызға қойып отырған басты мақсат – оқушыларға тек білім, білік дағдыларын меңгерту ғана емес, өзін-өзі дамытуға ұмтылатын, ақылды, алғыр, ой-өрісі кең, ақпарат көздерін өз бетімен қолдана алатын, талантты жастарды тәрбиелей отыра, еліміздің мүддесіне қызмет етуге бағыт-бағдар беру. Үнемі дамып, өзгеріп отыратын баланың ішкі болмысы мен табиғатын қалыптастыруда мұғалімнің ықпалы ерекше.

**Үшінші сұрақ бойынша оқу ісінің орынбасары С.Абдрахманова тыңдалды:** Оқу үрдісіндегі 3 тоқсан қорытындысы бойынша пән мұғалімдерін салыстыру сызбасы: оқыту сапасы туралы ақпарат берді.(презентациясы қоса салынды)

Шешім:

1. III тоқсанның қорытындысы бойынша оқу-тәрбие жұмысы қанағаттанарлық деп саналсын.
2. Тәжірибелі мұғалімдермен тәжірибе алмасу жұмысы жалғастырылсын.
3. Оқу үрдісіндегі пән бойынша сапа көрсеткіштері көтерілсін.

Төрайымы А.Аксеитова

Хатшы Н.Молдагайсина